

Бекітемін  
Төлеби ауданының адами  
әлеуетті дамыту бөлімінің  
"Балаби" бөбекжайының  
төрағасы



Л.Ахметова

**"Балаби" бөбекжайы МҚКК  
2021-2022 жыл  
оқу жылының жоспары**

**2021-2022 жыл**

# **ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРДЫҢ БӨЛІМДЕРІ**

## **I. Кіріспе.**

- 1.1 «Балаби» бөбекжайы туралы мәлімет
- 1.2. "Балаби" бөбекжайының 2020 - 2021 оқу жылындағы атқарылған жұмыстардың есебі
- 1.3 .2021-2022 оқу жылының негізгі мақсаты.
- 1.4. Педагогикалық кадрларды реттеу.
- 1.5. Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы.
- 1.6. Басқа кадрлармен, мекемелермен байланыс.

## **II. Кадрлармен жұмыс.**

- 2.1. Педагогикалық кеңестер
- 2.2. Меңгеруші жанындағы кеңес.
- 2.3. Әдістемелік кеңес жоспары
- 2.4. Өндірістік жиналыс.
- 2.5. Құқықтық тәрбие.

## **III. Әдістемелік жұмыс.**

- 3.1. Білім деңгейін жетілдіру туралы мәліметтер
- 3.2. Семинарлар, кеңестер, нұсқаулықтар
- 3.3. Ұйымдастырылған педагогикалық жұмыс.
- 3.4. Ұжымдық ашық оқу іс-әрекеттерге ену.
- 3.5. Әдістемелік кабинеттің жұмысы.

## **IV. Балалармен жұмыс.**

- 4.1. Мерекелер, ойын-сауықтар
- 4.2. Байқаулар, сайыстар, саяхат, көрмелер
- 4.3. Экологиялық тәрбие жөніндегі іс-шаралар
- 4.4. Жазғы сауықтыру шараларының жоспары
- 4.5. Мектеппен байланыс
- 4.6. Сыртқы байланыстар

## **V. Бақылау және басқару.**

- 5.1. Оқу және тәрбие жұмыстарын бақылау және басқару.

## **VI. Отбасымен жұмыс**

- 6.1. Жалпы ата-аналар жиналысының тақырыптары.
- 6.2. Топтық ата-аналар жиналысының тақырыптары.

## **VII. Әкімшілік өндірістік жұмыстар**

### 1.1. «Балаби» бөбекжайы »туралы мәлімет.

«Балаби» бөбекжайы Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Көксайек ауыл округінде Жолан көшесі №40А орналасқан. Бөбекжай орталық жылу жүйесі, сумен және сымтетікпен қамтамасыз етілген. Бөбекжай 130 орынға арналған ыңғайластырылған

бір қабатты ғимаратта орналасқан. Бөбекжайда ойын, демалу, санитарлы-гигиеналық, балаларды қабылдау бөлмелері бар. Әкімшілік блогында меңгеруші кабинеті, әдістемелік кабинет, шарушылық меңгеруші кабинеті, медбике кабинеті орналасқан. Бөбекжай ауласында әрбір топқа арналған саяжайлар бар. Медицина кабинетінде балалардың антропометриялық өлшеулерін анықтайтын медициналық құралдармен жабдықталған.

Асхана жаңа ас дайындау құралдарымен толық жабдықталған. Кір жуу бөлмесі заманға сай кір жуу машиналарымен қамтамасыз етілген. Балабақшада орыс тілі, ағылшын тілі тереңдетіліп оқытылады. Балаларды мектепке даярлауда тәрбиешілер аянбай еңбек етуде. Біздің бөбекжай мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту саласында заман талабына сай, жаңа бағдарламамен, технологиямен қамтамасыз етілген. Балалармен жұмыс жүргізуде әртүрлі инновациялық технологиялар қолданылады. Монтессори элементтері, ТРИЗ технологиялары, құм терапиясы әдіс-тәсілдері жүргізіледі. Мемлекеттік іс – шаралар өтіліп, қуыршақ театры балалардың көңілін жайландырады. Бөбекжайда 3 мезгіл тамақтандыру қамтамасыз етілген. Балаларды тасымалдау автокөлікпен қамтамасыз етілген. Бөбекжайда 14 педагог жұмыс атқарады. Олар білім бойынша төмендегідей: Жоғарғы білімді -14 адам.

Орта арнаулы білімді -0

Олардың санаттары төмендегідей:

II- санатты- 5 адам

Ересек топ- «Балауса»....26..бала

Ересек топ «Балдәурен» -.... 27...бала

Ересек топ «Жұлдыздар» - .....27...бала

Ортаңғы топ «Балапан»----- 25 бала

Кіші топ «Ботақан» тобы- ...25 ... бала

«Балаби» бөбекжайында 5 топ жұмыс істейді. Жұмыс уақыты сағат таңғы 08.00-ден кешкі 18.30 ға дейін, 5 күндік жұмыс жүйесіне негізделген. Бөбекжай мемлекеттік тілде жұмыс істейді. Әрбір топта жеке жатын, ойын, бөлмелері бар. Барлық топтар балалардың жас ерекшеліктеріне қарай жаңа жиһаздармен, ойын және көрнекі құралдармен қамтамасыз етілген.

## **1.2. "Балаби" бөбекжайының 2020 - 2021 оқу жылындағы атқарылған жұмыстардың есебі**

Бөбекжайда педагогикалық және техникалық кадрлармен толық қамтылған. Ойын және жатын бөлмелері бірге болғандықтан 1,2,қатарлы төсектермен, шкафтармен, үстел, орындықтар т.б жабдықтармен толық қамтылған. Асхана мен балалардың киімдерін ауыстыратын бөлмелері бөлек орналасқан. Топтар баланың жас ерекшелігіне сай безендірілген. Оқу іс-әрекетін жүргізуге арналған көрнекіліктер, кітаптар қоры мол, баланың еркін пайдалануына ыңғайластырып қойылған. Барлық топтарда теледидар бар, аудио, видео материалдар да жеткілікті. Табиғат бұрыштары да үйлесімді етіп орналастырған, гүлдермен безендірілген. Өзін-өзі тану пәніне арналған бұрыштар қамтамасыз етілген. Балалардың білім алып, тәрбиеленуіне, педагогтардың жүйелі жұмыс жүргізуіне мүмкіндігінше жағдай жасалынған. Биылғы оқу жылында 5- топта ата –аналар бұрышы,5 топта табиғат бұрышы, денсаулық бұрыштары, өзін-өзі тану стендтері жаңартылды.

2020-2021 оқу жылындағы міндеттердің шешімін табу үшін барлық белгіленген іс-шараларды орындау барысында жүйелі жұмыс жүргізілді. Биылғы оқу жылында 5 педагогикалық, 9 меңгеруші жанындағы, кеңестер белгіленіп барлығы өз уақытында өтті. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын негізге ала отырып, ұйымдастырылған оқу қызметтері бекітілген жоспар бойынша жүргізілді. Педагогикалық процесс білім беру саласының мазмұны арқылы іске асырылады, диагностика қортындысы негізінде құрылады. Пән мұғалімдерінің жұмыс графигі, күн тәртібі, оқу іс қызметі кестесі бекітілді.

Балабақша ұжымы биылғы жылы қойған өз мақсат, міндеттерін: балаларға Отансүйгіштік, тарихи дәстүрлері негізінде адамгершілік құндылықтарды дәріптеу, білім саласындағы жаңашыл әдістерді қолдана отырып балалардың коммуникативтілік қабілетін түрлендіру жұмысына бағыт-бағдар ұйымдастырылып өткізілді.

Қорыта келгенде биылғы 2020-2021 жылғы оқу жылына қойылған мақсатымызды толығымен өз дәрежесінде орындадық деп айта аламыз.

Бөбекжай ұжымы биылғы жылы қойған өз мақсат, міндеттерін: балаларға Отансүйгіштік, тарихи дәстүрлері негізінде адамгершілік құндылықтарды дәріптеу, білім саласындағы жаңашыл әдістерді қолдана отырып балалардың коммуникативтілік қабілетін түрлендіру жұмысына бағыт-бағдар ұйымдастырылып өткізілді.

### 1.3. 2021-2022 оқу жылының

#### негізгі мақсаттары

**Мақсаты:** 1.Мектеп жасына дейінгі балаларға тәлім-тәрбие мен білім беру ісін жақсарту,педагогтардың шеберлігін арттыру.Бөбекжай ойын технологиясын қолдану арқылы балалардың тілін дамыту.

Шығармашылық бағытта жұмыс жасайтын жаңашыл педагогтарды даярлау.

**Міндеттері:** 1.Мемлекеттік білім беру бағдарламасына сай мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің жан-жақты эстетикалық дамуын қамтамасыз ету.

2 . Жас ұрпақтың ана тілін,елін туған жерін сүйетін,өз елінің мәдениетін қастерлейтін рухани байлығы мол ұрпақты тәрбиелеу.

Баланы жалпы адамзаттық рухани құндылықтарға сәйкес келетін жеке басының мәдениетіне, оның базисіне тәрбиелеу арқылы, оны жан-жақты дамыту.

- Педагог шығармашылығын жетілдіру, олардың білім салаларында жаңа технологияларды қолдануын қолдау, дамыту
- Бала өмірін, денсаулығын сақтау мақсатында салауатты өмір салтының негізін қалау;
- Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың тілін дамыту.
- Қарапайым математикалық түсініктерді меңгерудің құзіреттілігін қалыптастыру

#### «Денсаулық» білім саласы:

Балалардың денсаулығын нығайту, шынықтыру жұмыстарды түрлендіру және сапасын жақсарту.

Дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу әрекетін, дене тәрбиесі бойынша жүргізілетін ұйымдастырылған іс – шаралар сапасын арттыру.

#### ▪ «Қатынас» білім саласы:

Балалардың тілін дамыту жұмысын дидактикалық ойындар мен сюжетті – рөлді ойындарды пайдалану арқылы дамыту.

#### ▪ «Таным» білім саласы:

Балалардың танымдық қабілетін ойындар арқылы дамыту.

#### ▪ «Шығармашылық» білім саласы:

Балалардың сезімдік – эмоционалдық ортасы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық ойлау мәдениеті мен елестетуін дамыту.

#### ▪ «Әлеумет» білім саласы:

Әлеуметте қарым – қатынас жасауға үйрету жұмысын жалғастыру.

#### 1.4.Педагогикалық кадрларды реттеу

| р/с | Аты – жөні                       | Қызметі            | Тобы                         |
|-----|----------------------------------|--------------------|------------------------------|
| 1   | Ахметова Ләззат Абдиқалыққызы    | Меңгеруші          |                              |
| 2   | Саурамбаева Майра Бекеновна      | Әдіскер            |                              |
| 3   | Салыбекова Гүлнұр Құттыбекқызы   | Орыс тілі мұғалімі |                              |
| 4   | Баялиев Бауыржан Абдуалиұлы      | Саз жетекшісі      |                              |
| 5   | Алшымбаева Эльмира Ордабековна   | Тәрбиеші           | «Балауса»<br>Ересек тобы     |
| 6   | Жолдасова Каламқас Жанибекқызы   | Тәрбиеші           |                              |
| 7   | Байзакова Лаура Алтынбекқызы     | Тәрбиеші           | «Балдәурен»<br>ересек тобы   |
| 8   | Адишева Замира Кумусбековна      | Тәрбиеші           |                              |
| 9   | Асемова Назгүл Толбасықызы       | Тәрбиеші           | « Жұлдыздар »<br>Ересек тобы |
| 10  | Қамытбекова Улбосын Орыналдықызы | Тәрбиеші           |                              |
| 11  | Абилдаева Айгерим                | Тәрбиеші           | «Балапан»<br>Ортаңғы тобы    |
| 12  | Шорбасова Гаухар Мухитовна       | Тәрбиеші           |                              |
| 13  | Женсикбаева Майра Сағынаевна     | Тәрбиеші           | « Ботақан»<br>II- кіші тобы  |
| 14  | Шамшиева Камшат Кабиевна         | Тәрбиеші           |                              |

### 1.5. Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы

| к/с | Аты-жөні                         | Қызметі            | Білімі | Бітірген оқу орны                                                            | Мамандығы                                     | Пед. еңбек өтілі |
|-----|----------------------------------|--------------------|--------|------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------|------------------|
| 1   | Ахметова Ләззат Абдиқалыққызы    | Меңгеруші          | Жоғары | Халықтар достығы унив. 2015                                                  | Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу          | 27               |
| 2   | Саурамбаева Майра Бекеновна      | Әдіскер            | Жоғары | Аймақтық Әлеуметтік Инновациялық Университеті сырттай                        | Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу         | 10               |
| 3   | Салыбекова Гүлнұр Құттыбекқызы   | Орыс тілі мұғалімі | Жоғары | АҚ Абылайхан ат. Қазак Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті | Шетел тілі-екі шетел тілі                     | 3                |
| 4   | Баялиев Бауыржан Абдуалиұлы      | Саз жетекшісі      | Жоғары | Аймақтық Әлеуметтік Инновациялық Университеті                                | Музыкалық білім                               | 6                |
| 5   | Алшымбаева Эльмира Ордабековна   | Тәрбиеші           | Жоғары | Аймақтық әлеу. Инновац. Унив.сырттай                                         | Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу         | 8                |
| 6   | Жолдасова Каламқас Жанибекқызы   | Тәрбиеші           | Жоғары | Шымкент.Унив.с ырттай                                                        | Бас. Оқы пед әдістемесі                       | 10               |
| 7   | Байзакова Лаура Алтынбекқызы     | Тәрбиеші           | Жоғары | Оңт.Қаз.Унив 2012                                                            | Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу         | 10               |
| 8   | Адишева Замира Кумусбековна      | Тәрбиеші           | Жоғары | Халық.Достық Унив. 2013                                                      | Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу         | 8                |
| 9   | Асемова Назгүл Толбасықызы       | Тәрбиеші           | Жоғары | М.Сапарбаев атындағы ОҚ гуманитарлық унив                                    | Бастауыш оқытудың әдістемесі                  | 3                |
| 10  | Қамытбекова Улбосын Орыналдықызы | Тәрбиеші           | Жоғары | Аймақтық әлеу. Инновац. Унив. сырттай                                        | Бастауыш оқыту пед\сы мен әдістемесі 5В010200 | 10               |
| 11  | Абилдаева Айгерим Кузембаевна    | Тәрбиеші           | Жоғары | Аймақтық әлеу. Инновац. Унив.2016                                            | Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу         | 3                |
| 12  | Шорбасова Гаухар Мухитовна       | Тәрбиеші           | Жоғары | Аймақтық әлеу. Инновац. Унив. 2014                                           | Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу         | 8                |

|    |                                    |          |        |                                            |                                             |    |
|----|------------------------------------|----------|--------|--------------------------------------------|---------------------------------------------|----|
| 13 | Женсикбаева<br>Майра<br>Сағынаевна | Тәрбиеші | Жоғары | Аймақтық әлеу.<br>Инновац.<br>Унив.сырттай | Мектепке<br>дейінгі оқыту<br>және тәрбиелеу | 8  |
| 14 | Шамшиева<br>Камшат Кабиевна        | Тәрбиеші | Жоғары | Аймақтық әлеу.<br>Инновац.<br>Унив.сырттай | Мектепке<br>дейінгі оқыту<br>және тәрбиелеу | 17 |

### Техникалық қызметкерлер құрамы

| №  | Аты-жөні              | Қызметі                               |
|----|-----------------------|---------------------------------------|
| 1  | Салыбекова Акмарал    | Шаруашылық ісі жөніндегі<br>менгеруші |
| 2  | Тоқтыбаева Дина       | Медбике                               |
| 3  | Сералиева Айгул       | Тәрбиеші көмекшісі                    |
| 4  | Нурлыбаева Жанар      | Тәрбиеші көмекшісі                    |
| 5  | Сатынбекова Гулзакира | Тәрбиеші көмекшісі                    |
| 6  | Оралова Салтанат      | Тәрбиеші көмекшісі                    |
| 7  | Тұрашбекова Галия     | Тәрбиеші көмекшісі                    |
| 8  | Алматаева Нұржамал    | Кір жуу операторы                     |
| 9  | Биболова Гулмира      | Аспазшы                               |
| 10 | Орақбаева Айжан       | Аспазшы                               |
| 11 | Сарсенов Жумадил      | Көлік жүргізуші                       |
| 12 | Жанпозов Каныбек      | Қарауыл                               |
| 12 | Қабылбек Рамазан      | Қарауыл                               |
| 13 | Төкенов Бастағали     | Қарауыл                               |
| 14 | Айтореєва Балзия      | Есепші                                |



«Бекітемін»

Бөбекжай меңгерушісі:

Л.А.Ахметова

### 1.6. Басқа кадрлармен, мекемелермен байланыс

| № | Жұмыс мазмұны                                                                                                                         | мерзімі  | жауапты                                                           | ескерту |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|-------------------------------------------------------------------|---------|
|   | <b>Бөбекжай жұмысын қоғаммен таныстыру</b>                                                                                            |          |                                                                   |         |
| 1 | Мектепке дейінгі даярлық туралы халық арасында педагогикалық насихат жүргізу                                                          | Жыл бойы | Педагогтар                                                        |         |
| 2 | Бала тәрбиесі, салауатты өмір жайлы көрмелер ұйымдастыру                                                                              | Жыл бойы | Педагогтар                                                        |         |
| 3 | Қалада өткізіліп жатқан сайыстарға, байқауларға, көрмелерге, көріністерге және тағы басқа іс-шараларға үнемі атсалысып, қатысып отыру | Үнемі    | Бөбекжайы меңгерушісі<br>Л.Ахметова<br>Әдіскер<br>М.Б.Саурамбаева |         |
| 4 | Балабақшада өткізілетін сайыстарға, ертеңгіліктерге, мерекелерге бұқаралық ақпарат құралдарын шақырып отыру                           | Жыл бойы | Педагогтар                                                        |         |



«Бекітемін»:  
Бөбекбай меңгерушісі:  
Л.Ахметова

## II. Кадрлармен жұмыс

### 2.1. Педагогикалық кеңестер

Міндеті: «Шығармашылық», «Қатынас», «Таным» білім салаларын ұйымдастыруда инновациялық әдістерді қолдануды жетілдіру.

| № | Жоспарлы жұмыс                                                                                                                                                      | мерзімі   | жауапты                   |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|---------------------------|
| 1 | <b>№ 1 педагогикалық кеңес</b><br>2021-2022 оқу жылының жылдық жоспары мен сабақ кестесін бекіту Тәрбиешілерді топтарға бекіту                                      | Тамыз     | Меңгеруші<br>Л.Ахметова   |
| 2 | Топтардың жабдықталуы, жаңа оқу жылына дайындығын талдау                                                                                                            |           | Әдіскер<br>М.Саурамбаева  |
| 3 | Жазғы сауықтыру – шынықтыру Шараларының қорытындысы.                                                                                                                |           | Әдіскер<br>М.Саурамбаева  |
| 4 | Баяндама: «Денсаулық сақтау технологиясы »                                                                                                                          |           | Тәрбиеші<br>Адишева З     |
| 1 | <b>№ 2 педагогикалық кеңес</b><br>1.Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы.                                                                                       | Қазан     | Меңгеруші<br>Л.Ахметова   |
| 2 | «Шығармашылық білім саласы бойынша оқу іс әрекетінің ұйымдастырылу сапасы.»<br>Тақырыптық тексеру қорытындысы                                                       |           | Әдіскер<br>М.Саурамбаева  |
| 3 | «Сурет салудың жаңаша тәсілдері» Баяндама<br>«Біздің балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі»                                                                        |           | Тәрбиеші<br>Жолдасова Қ   |
| 4 | Мектепке дейінгі мекемеде жүргізілетін инновациялық әдіс-тәсіл – «Кюизенер таяқшалары» әдістемесі                                                                   |           | Тәрбиеші<br>Женсикбаева М |
| 1 | <b>№ 3 педагогикалық кеңес</b><br>№ 2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы                                                                             | желтоқсан | Тәрбиеші<br>Алшымбаева Э  |
| 2 | Ата-ана, тәрбиеші баланың әлеуметтік, эмоциялық, салауатты өмір салты тәрбиесіндегі бірлескен қызметін қамту туралы есеп                                            |           | Меңгеруші<br>Л.Ахметова   |
| 3 | Баяндама: «Вольдарадо әдісі» жаңа технологиялық құрылым бойынша жұмыс<br>Тәрбиешілерге кеңес: «Дидактикалық ойындар арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту» |           | Тәрбиеші<br>Абилдаева А   |
| 4 | Балалар білімінің жарты жылдық мониторингі қорытындысы                                                                                                              |           | Тәрбиеші<br>Шамшиева К    |
|   |                                                                                                                                                                     |           | Тәрбиеші<br>Байзакова Л   |
|   |                                                                                                                                                                     |           | Әдіскер<br>М.Саурамбаева  |

|                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |              |                                                                                                                                                                                                                               |
|----------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>1</p> <p>2</p> <p>3</p> <p>4</p> <p>5</p> | <p><b>№ 4 педагогикалық кеңес</b></p> <p>№3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы</p> <p>Баяндама-тренинг: «Мектепке дейінгі бүлдіршіндердің қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру жолдары».</p> <p>Баяндама: «Дьенеш - пішінді тақтайшалар» әдістемесі</p> <p>Баяндама «Воскабович: Күлгін орман технологиясы» бойынша балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту</p> <p>Балалардың шығармашылық құзыреттілігін дамыту мақсатында- «Әлем – балалар көзімен» көрмесінің қорытындысы</p> | <p>Ақпан</p> | <p>Меңгеруші<br/>Л.Ахметова<br/>Әдіскер<br/>М.Саурамбаева</p> <p>Тәрбиеші<br/>Асимова Н</p> <p>Тәрбиеші<br/>Қамытбекова</p> <p>Тәрбиешілер<br/>Жолдасова Қ<br/>Алшымбаева Э<br/>Тәрбиешілер<br/>Байзакова Л<br/>Адишева З</p> |
| <p>1</p> <p>2</p> <p>3</p> <p>4</p> <p>5</p> | <p><b>№ 5 педагогикалық кеңес</b></p> <p>№ 4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы</p> <p>Балалардың мониторинг қорытындысы Тәрбиешілердің жылдық есебі</p> <p>Балабақша ауласын көгалдандыру жұмыстарының нәтижесі</p> <p>Жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының жоспарын бекіту</p> <p>Педагогтардың аттестаттаудан өтуге өтініштері туралы</p>                                                                                                                                                           | <p>Мамыр</p> | <p>Меңгеруші<br/>Л.Ахметова<br/>Әдіскер<br/>М.Саурамбаева<br/>Тәрбиешілер</p> <p>Меңгеруші<br/>Л.Ахметова<br/>Әдіскер<br/>М.Саурамбаева</p>                                                                                   |

## 2.2. Меңгеруші жанындағы кеңес

| №  | Жұмыстың мазмұны                                                                                                       | Мерзімі  | Жауаптылар                    |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|-------------------------------|
|    | <b>№1</b>                                                                                                              |          |                               |
| 1. | Тамыз педкеңесінің жұмыс нәтижесі                                                                                      | Қыркүйек | Меңгеруші                     |
| 2. | Ішкі еңбек тәртібіне нұсқау беру                                                                                       |          | Әдіскер                       |
| 3. | Жыл бойы өтілетін ертеңгіліктерді жоспарға сай бекіту. 2021-2022 оқу жылын жоспарлау                                   |          |                               |
| 4. | Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындау үшін ата-аналар бұрышын жаңарту                |          | Меңгеруші                     |
| 5. | Тамақты ұйымдастыру                                                                                                    |          | Медбике                       |
|    | Балалардың балабақшада адаптациялық кезеңін ұйымдастыру шаралары .                                                     |          | Тәрбиешілер<br>Медбике        |
|    | <b>№2</b>                                                                                                              |          |                               |
| 1. | Айлық жоспарды                                                                                                         | Қазан    | Меңгеруші                     |
| 2. | бекіту Тех. карта, циклограмма, перспективалық                                                                         |          | Әдіскер                       |
| 3. | жоспардың тексеру нәтижесі                                                                                             |          | Тәрбиешілер                   |
| 4. | Топтардағы және жалпы ата-аналар жиналысын өткізу                                                                      |          | Саз жетекшісі                 |
|    | Республика күніне арналған мерекеге дайындық.                                                                          |          |                               |
|    | <b>№3</b>                                                                                                              |          |                               |
| 1  | Айлық жоспарды бекіту                                                                                                  | Қараша   | Меңгеруші                     |
| 2  | Тех. карта, циклограмма, перспективалық жоспардың тексеру нәтижесі                                                     |          | Әдіскер                       |
| 3  | Санитарлық тазалау тәртібі.                                                                                            |          | Медбике                       |
| 4  | Балалар тәрбиесіндегі тәрбиешілер мен көмекшісінің арасындағы қарым-қатынас. «Алтын күз» ертеңгіліктерінің қорытындысы |          | Меңгеруші<br>Музыка жетекшісі |

|    |                                                                                                  |           |                  |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|------------------|
|    | <b>№4</b>                                                                                        |           |                  |
| 1. | Айлық жоспарды бекіту                                                                            | желтоқсан | Меңгеруші        |
| 2. | Тех.карта,циклограмма,перспективалық жоспардың тексеру нәтижесі                                  |           | Әдіскер          |
| 3. | 16 желтоқсан «Тәуелсіздік күні» ертеңгілігінің қорытындысы.                                      |           | Музыка жетекшісі |
| 4. | Жаңа- жыл мерекесіне арналған сценариді бекіту.                                                  |           | Меңгеруші        |
|    | <b>№5</b>                                                                                        |           |                  |
| 1. | Айлық жоспарды                                                                                   | Қаңтар    | Меңгеруші        |
| 2. | бекітуТех.карта,циклограмма,перспективалық                                                       |           | Әдіскер          |
| 3. | Жоспардың тексеру нәтижесі                                                                       |           | Музыка жетекшісі |
| 4. | Жаңа жылдық және «Желтоқсан жаңғырығы» ертеңгіліктерінің қорытындысы<br>Ұлттық бұрышының жағдайы |           | Тәрбиешілер      |
|    | <b>№6</b>                                                                                        |           |                  |
| 1. | Қимылды қозғалысты ойындардың бағдарламаларының орындалуы.                                       | Ақпан     | Меңгеруші        |
| 2. | Оқу –тәрбие жұмыс деңгейінің бағдарлама талаптарына сәйкестігін бақылау.                         |           | Әдіскер          |
| 3. | Аналар мерекесіне арналған сценарийді бекіту.                                                    |           | Музыка жетекшісі |
| 4. | Көктемгі мерекелерге дайындық.                                                                   |           | Тәрбиешілер      |
|    | <b>№7</b>                                                                                        |           |                  |
| 1  | Айлық жоспарды бекіту                                                                            | Наурыз    | Меңгеруші        |
| 2  | Тех.карта,циклограмма,перспективалық жоспардың тексеру нәтижесі                                  |           | Әдіскер          |
| 3  | 8-наурыз Халықаралық әйелдер күні.<br>22-наурыз Ұлыстың ұлы күні.                                |           | Музыка жетекшісі |

|   |                                                                                                                                             |       |                                          |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------|------------------------------------------|
|   | <b>№8</b>                                                                                                                                   |       |                                          |
| 1 | Айлық жоспарды бекіту                                                                                                                       | Сәуір | Меңгеруші                                |
| 2 | Тех.карта,циклограмма,перспективалық жоспардың тексеру нәтижесі                                                                             |       | Әдіскер                                  |
| 3 | Наурыз мерекелерінің қорытындысы                                                                                                            |       | Музыка жетекшісі                         |
| 4 | Ойын алаңын және бөбекжайда аймағын көріктендіру.                                                                                           |       | Тәрбиешілер                              |
| 5 | Әр түрлі мәселелер.                                                                                                                         |       |                                          |
| 6 | Мамыр айындағы мерекелік іс-шаралар жоспары.                                                                                                |       |                                          |
|   | <b>№9</b>                                                                                                                                   |       |                                          |
|   | «Балабақшамен қоштасу» кештерінің өтілуі мен дайындығы<br>«Балаларды қорғау» күнін өткізу мен ұйымдастыру<br>Жаз мезгілінің жоспарын бекіту | мамыр | Музыка жетекшісі<br>Әдіскер<br>Меңгеруші |



Бекітемін:

Бөбекжайы меңгерушісі:

Л.Ахметова

### 2.3. Әдістемелік кеңес жоспары

| № | Жұмыстың мазмұны                                                                                                                                                                                    | Мерзімі   | Жауапты                                                |
|---|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|--------------------------------------------------------|
| 1 | 1. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының мазмұны мен міндеттерін оқып үйрену<br>2. Мектепке жасына дейінгі бүлдіршінге алғашқы көмек көрсету ережелері                               | Қыркүйек  | Меңгеруші<br>Әдіскер<br>Әдістемелік бірлестік мүшелері |
| 2 | 1. Балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған жаңа бағдарламаны оқып үйрену<br>2. «Денсаулық» білім беру саласы бойынша өткізілген ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеттерді талдау                     | Қазан     | Меңгеруші<br>Әдіскер<br>Әдістемелік бірлестік мүшелері |
| 3 | 1. Мектепке дейінгі білім беру стандартын кіші топтағы қойылатын базалық талаптарын оқып үйрену<br>2. «Қатынас» білім беру саласы бойынша өткізілген ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеттерді талдау | Қараша    | Меңгеруші<br>Әдіскер<br>Әдістемелік бірлестік мүшелері |
| 4 | 1. Бөбекжайдағы ата – аналармен жүргізілетін жұмыстар мазмұны<br>2. Балалар білімінің құзіреттілігін бағалау индикаторлары.<br>3. Мерекелер мен ойын – сауықтар мақсаты                             | Желтоқсан | Меңгеруші<br>Әдіскер<br>Әдістемелік бірлестік мүшелері |
| 5 | 1. «Таным» білім беру саласы бойынша өткізілген ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеттерді талдау                                                                                                      | Қаңтар    | Меңгеруші<br>Әдіскер<br>Әдістемелік бірлестік мүшелері |
| 6 | 1. «Шығармашылық» білім беру саласы бойынша өткізілген ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеттерді талдау                                                                                               | Ақпан     | Меңгеруші<br>Әдіскер<br>Әдістемелік бірлестік мүшелері |
| 7 | 1. Жаңа технологиялар әдістемесінің әдіс-тәсілдері<br>2. Ұлттық ойындардың бала дамуына әсері                                                                                                       | Наурыз    | Меңгеруші<br>Әдіскер<br>Әдістемелік бірлестік мүшелері |

|   |                                                                                                                                                                                                                                               |       |                                                        |
|---|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------|--------------------------------------------------------|
| 8 | 1. Сурет салу мен тіл дамыту жұмыстарын байланыстыра отырып жүргізу және сурет салу өнеріндегі қолданылатын техникалық-әдістемелік жүйесі<br>2. «Әлеумет» білім беру саласы бойынша өткізілген ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеттерді талдау | Сәуір | Меңгеруші<br>Әдіскер<br>Әдістемелік бірлестік мүшелері |
| 9 | 1. Серуен кезінде орындалу тиісті талаптар<br>2. Бес саланы байланыстыра өткізілген қорытынды ашық оқу іс-әрекеттерге талдау жасау                                                                                                            | Мамыр | Меңгеруші<br>Әдіскер<br>Тәрбиешілер                    |



Бекітемін:  
Бөбекжайы меңгерушісі:  
Л.Ахметова

#### 2.4. Өндірістік кеңес

**Міндеті:** Мектепке дейінгі білім беру саласы бөбекжайдың күн тәртібіне лайық тәрбие мен оқыту сапасын қамтамасыз ету.

| № | Жұмыс мазмұны                                                                                                                     | Мерзімі   | Жауапты                                              |
|---|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|------------------------------------------------------|
| 1 | Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындылары.                                                                                       | Қыркүйек  | Әдіскер                                              |
| 2 | Педагогикалық ұжымды 2021-2022 оқу жылының жұмыс жоспарын бекіту. Қызметкерлерді ішкі еңбек тәртібімен таныстыру, нұсқаулар беру. |           | Меңгеруші<br>Шаруа<br>меңгерушісі                    |
| 3 | Педагогтарды топтарға бөлу, өз міндеттерін жүктеу.                                                                                |           | Медбике<br>Кәсіподақ<br>комитеті                     |
| 1 | Топта күні бойына жүргізілген тәрбие – білім беру жұмысын қадағалау                                                               | Желтоқсан | Меңгеруші<br>әдіскер<br>кәсіподақ<br>Медбике         |
| 2 | Санитарлық гигиеналық жағдай және топтардың тазалық жағдайы                                                                       |           |                                                      |
| 3 | Көрнекі құралдардың гигиеналық талаптарға сай болуы                                                                               |           |                                                      |
| 1 | Бөбекжайдың ағымдағы жөндеуі туралы                                                                                               | Тамыз     | Шаруа<br>меңгерушісі<br>Меңгеруші<br><br>Тәрбиешілер |
| 2 | Бөбекжай мамандарымен қауіпсіздік шараларының нұсқауын ұйымдастыру.                                                               |           |                                                      |
| 3 | Тазалық, тамақтану, дезинфекция ережесін сақтау, күн тәртібін орындау жөнінде тәрбиешілердің есебі.                               |           |                                                      |



Бекітемін:  
Бөбекжайы меңгерушісі:  
Л.Ахметова

**Кәсіподақ комитетінің жоспары**

| № | Жоспарлы жұмыс                          | Мерзімі | Жауапты           |
|---|-----------------------------------------|---------|-------------------|
| 1 | Кәсіподақ комитетінің есебі             | Қаңтар  | Адишева З         |
| 2 | Кәсіподақ комитетінің мүшелерін сайлау  |         | Адишева З         |
| 1 | Бөбекжайдағы жылу жүйесінің жағдайы     | Наурыз  | Меңгеруші,        |
| 2 | Бөбекжай қызметкерлерінің жұмыс тәртібі |         | шаруа ісі         |
| 3 | Топтардағы санитарлық жағдай            |         | жөніндегі         |
|   |                                         |         | меңгеруші         |
|   |                                         |         | әдіскер кәсіподақ |
|   |                                         |         | медбике, шаруа    |
|   |                                         |         | меңгеруші         |
| 1 | Бөбекжайыды жөндеуден өткізу туралы     | мамыр   | Меңгеруші,        |
| 2 | Қызметкерлердің еңбек демалысы          |         | шаруа ісі         |
| 3 | Жаңа оқу жылына дайындық                |         | жөніндегі         |
|   |                                         |         | меңгеруші         |
|   |                                         |         | Меңгеруші         |



Бекітемін:  
Бөбекжайы меңгерушісі:  
Л.Ахметова

**2.5. Құқықтық тәрбие**

**Міндеттері:** Қызметкерлердің, ата –аналардың құқықтық сауаттылығын арттыру

| к/с | Жұмыстың мазмұны                                                        | Мерзімі  | Жауапты                             |
|-----|-------------------------------------------------------------------------|----------|-------------------------------------|
| 1   | ҚР Білім туралы заңын оқып үйрену.                                      | Жыл бойы | Меңгеруші                           |
| 2   | Қ.Р. Балалар құқықтары конвенциясын оқып үйрену және талаптарын орындау | Жыл бойы | Меңгеруші<br>Әдіскер<br>Тәрбиешілер |
| 3   | Тіл туралы Заңы                                                         | Жыл бойы | Меңгеруші<br>Әдіскер<br>Тәрбиешілер |
| 4   | Қ.Р. «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» туралы заңы.              | Жыл бойы | Меңгеруші<br>Әдіскер<br>Тәрбиешілер |

|   |                                                                             |           |                                           |
|---|-----------------------------------------------------------------------------|-----------|-------------------------------------------|
| 5 | Ата-аналар арасында бала құқығын қорғау де сауал сауалнамалар жүргізу       | Желтоқсан | Әдіскер<br>Тәрбиешілер                    |
| 6 | Жалпы ата – аналар жиналысында бала құқығы туралы конвенцияны шолып, талдау | Қаңтар    | Әдіскер<br>Тәрбиешілер                    |
| 7 | Балаларды қорғау күніне арналған мереке өткізу.                             | Маусым    | Меңгеруші Саз<br>жетекшісі<br>Тәрбиешілер |

### III. Әдістемелік жұмыс

#### 3.1. Қызметкерлердің кәсіби біліктілігін және білім деңгейін жетілдіру туралы мәліметтер

**Міндеті:** Балаларға психологиялық – педагогикалық қызмет көрсету үшін педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз ету

| № | Іс-шаралар                                                                                                                                                                                                                 | мерзімі  | жауапты                                |
|---|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|----------------------------------------|
| 1 | Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасайтын педагогтарға қойылатын стандарт талаптарымен таныстыру                                                                                                                     | қыркүйек | Бөбекжайы<br>меңгерушісі<br>Л.Ахметова |
| 2 | Іскерлік біліктілігін көтеру және педагогикалық іскерлігін шыңдауды аудандық семинарларға, аудандық білім басқармасының іс-шараларына қатысу арқылы және балабақшада ашық оқу қызметін өткізу барысында іске асырып отыру. | Жыл бойы | Бөбекжайы<br>меңгерушісі<br>Л.Ахметова |
| 3 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда жаңа әдістерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты арқылы педагогикалық іскерлігін және біліктілігін көтеру                                    | Жыл бойы | Бөбекжайы<br>меңгерушісі<br>Л.Ахметова |
| 4 | Өз білімін жетілдіруге жолдама беру                                                                                                                                                                                        |          |                                        |
| 5 | <ul style="list-style-type: none"> <li>Өзара оқу қызметіне қатысу</li> <li>Мектепке дейінгі оқу мекемелерінде тәжірибесін оқып, үйреніп, шыңдау</li> </ul>                                                                 |          |                                        |
|   | Бөбекжай өміріне «Тіл туралы» Заңды енгізуді одан әрі жалғастыру.                                                                                                                                                          | Жыл бойы | Бөбекжайы                              |

|   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                  |                                                                                                                                                                                                      |
|---|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 6 | <p>Нұсқаулар жүргізу.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Қазақстан Республикасының Заңдары «Еңбек»</li> <li>– Бала өмірін және денсаулығын қорғау</li> <li>– Техникалық қауіпсіздігін және еңбекті қорғау</li> <li>– Өрт қауіпсіздігі</li> <li>– Санитарлық және эпидемиялық ауруға қарсы жұмыс</li> <li>– Ішкі жұмыс жүйесі</li> <li>– Төтенше жағдайда балаларды эвакуациялау барысында балабақша қызметкерлерінің бірлескен жұмысы</li> </ul> | <p>Жыл бойы<br/>Токсанына<br/>1рет<br/>Жылына 2<br/>рет<br/>Жылына 2<br/>рет</p> | <p>меңгерушісі<br/>Л.Ахметова<br/>Әдіскер<br/>М.Саурамбаева</p> <p>Бөбекжайы<br/>меңгерушісі<br/>Л.Ахметова</p> <p>Медбике</p> <p>Шаруа меңгерушісі<br/>Бөбекжайы<br/>меңгерушісі<br/>Л.Ахметова</p> |
|---|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

### 3.2. Семинарлар, кеңестер

**Міндеті:** Педагог кадрлардың белсенділігін көтеру, шығармашылығын дамыту.

| № | Жұмыстың мазмұны                                                                                                                                                                                          | Мерзімі      | Жауапты                 |
|---|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|-------------------------|
| 1 | Баланы жалпы адамзаттық рухани құндылықтарға сәйкес келетін жеке басының мәдениетіне, оның базисіне тәрбиелеу арқылы, оны жан-жақты дамыту.                                                               | Жыл арасында | меңгеруші<br>әдіскер    |
| 2 | <p>Тренингтер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Мен кімін?»</li> <li>- Сен өзгерсең, сенің әлемің де өзгереді</li> <li>- Татулық – достық кілті</li> <li>- Адамгершілік иірімдері</li> </ul> |              | Психолог,<br>Ата-аналар |



Бекітемін:  
Бөбекжайы меңгерушісі:  
Л.Ахметова

### 3.3. Ұйымдастырылған оқу қызметтері

| № | Білім саласы     | Бөлімі                                                               | Мерзімі | Жауаптылар  | Тобы          |
|---|------------------|----------------------------------------------------------------------|---------|-------------|---------------|
| 1 | «Денсаулық»      | Дене шынықтыру<br>Валеология                                         | Қазан   | Тәрбиешілер | Барлық топтар |
| 2 | «Қатынас»        | Тіл дамыту<br>Сауат ашу<br>және жазу                                 | Қараша  | Тәрбиешілер | Барлық топтар |
| 3 | «Таным»          | Сенсорика<br>Қарапайым<br>математикалық<br>ұғымдарды<br>қалыптастыру | Қаңтар  | Тәрбиешілер | Барлық топтар |
| 4 | «Шығармашылық»   | Сурет<br>Мүсіндеу<br>Жапсыру                                         | Ақпан   | Тәрбиешілер | Барлық топтар |
| 5 | «Әлеумет»        | Айналамен<br>танысу<br>Экология<br>Көркем<br>әдебиет                 | Сәуір   | Тәрбиешілер | Барлық топтар |
| 6 | Бес сала бойынша | Қорытынды оқу қызметтері                                             | Мамыр   | Тәрбиешілер | Барлық топтар |



Бекітемін:  
Бөбекжайы меңгерушісі:  
Л.Ахметова

### 3.5. Әдістемелік кабинеттің жұмысы

**Міндеті:** Мемлекеттік ЖМБ Стандартын бөбекжай тәжірбиесіне ендіру.

|   |                                                                                                             |          |             |
|---|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|-------------|
| 1 | МЖМБС талабы бойынша бөбекжай күн тәртібін құру.                                                            | қыркүйек | Әдіскер     |
| 2 | Оқу қызметтерін болжау – технологиялық карталарын жасау                                                     | қыркүйек | Меңгеруші   |
| 3 | Байқау ережелерін құру                                                                                      |          |             |
| 4 | Педагогикалық кеңестерге әдістемелік материалдарды дайындау.                                                | кезінде  | Тәрбиешілер |
| 5 | Мектеппен байланыс жұмысының жоспарын құру.                                                                 | кезінде  | Әдіскер     |
| 6 | Пед кадрларды аттастатту жұмысын ұйымдастыру.                                                               | кезінде  | Әдіскер     |
| 7 | Тәрбие жұмысын жоспарлауда педагогтардың кәсіби шеберлігін сараптау, семинар - тренинг жоспарларын дайындау | кезінде  | Әдіскер     |
| 8 | Көрмелер, педкеңестер өткізуге қажетті материалдарды әдіскермен дайындауды ұйымдастыру                      | кезінде  | Әдіскер     |

### 3.4 Ұжымдық ашық оқу іс-әрекеттерге ену.

Мақсаты: Педагогикалық процеске жаңашыл тәсілдерді енгізу.

